

Сартерек ауылдық округінің Шалқар ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшіні жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Сартерек ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 21 тамыздағы № 6 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 қыркүйекте № 5206 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Сартерек ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Сартерек ауылдық округі әкімінің 16.02.2018 № 5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес, Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық- санитарлық инспекторының 2017 жылғы 14 маусымдағы ұсынысы негізінде Сартерек ауылдық округі әкімі **ШЕШТІ:**

1. Сартерек ауылдық округінің Шалқар ауылына ірі қара малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сартерек ауылдық округінің әкімі

Ә. Орынбаев